**Тексерілді:**

**«Нұрби» мектеп-бөбекжай-балабақша**

**кешені меңгерушісі ________ Мираманова М.А.**

# Ашық оқу қызметтері

## Тақырыбы: «Менің отаным – Қазақстан»

Орындаған: Шакирбекова А.А.

**Тақырыбы:** Менің отаным-Қазақстан
**Мақсаты**: Отан деген сөздің мақстаны түсіндіру.Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айтуға үйрету.Туған жерін,Отаның сүюге тәрбиелеу.
**Алдын-ала жұмысы:** Қазақстан Республикасының рәміздері.(суреттер )
**Сөздік жұмысы:** Тәуелсіз, егемен, кең байтақ
**Көрнекі құралдар:** суреттер, хрестоматия

| **Іс-әрекет кезеңдері.** | **Тәрбиешінің қызметі** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балаларды бір қатарға тұрғызып, қолдарын жүрек тұсына қойғызып, Қазақстан Республикасының Гимнін Туға қарап тұрып орындату.<br>Тәрбиеші балаларға Қазақстан Республикасы жайлы сұрақтар қояды:<br>- Балалар,біз қай мемлекетте тұрамыз?<br>- Қазақстан қандай мемлекет?<br><br>- Біздің елімізді басқарып отырған елбасымыз кім? | Балалар үлкен сезіммен орындайды.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап береді:<br><br>- Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.<br>- Кең байтақ тәуелсіз мемлекет.<br>- Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс** | -Отан деген не?<br>-Отан деген – біздің еліміз, жеріміз, әке-шеше, бауырымыз, туған жеріміз.<br>Отан туралы жырламаған ақын, жазбаған жазушы жоқ. Қазір мен сендерге ақын Бүркіт Ысқақовтың «отан» өлеңін оқып беремін.<br>**«Отан»**<br>Отан сенің – ата-анаң,<br>Отан – досың бауырың,<br>Отан – өлкең, астанаң,<br>Отан – аудан, ауылың.<br>Отан – тарих, отан – тіл,<br>Жасаған елің, өз халқың.<br>Отан – өлкең, Отан – жыр,<br>Көтерген көкке ел даңқын.<br>Отан – осы, достарым,<br>Көңілге оны түйе біл.<br>«Отан» деп өсіп жас жаның,<br>Оны ардақтап сүйе біл!<br>Қазақстан Республикасының картасымен таныстыру.<br>-Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Кең-байтақ, ұлан-ғайыр жерді алып жатыр. Осы Қазақстанның картасында көрсетілген қалалардың байлығын атап, қандай шикізат алатындарын көрсету. Мысалы: біздің бас қаламыз – Астана (картадан көрсету)<br>-Тағы қандай қалаларды білесіңдер?<br>Әрбір мемлекеттің ғасырлық | Балалардың жауабы.<br><br>Өлең жолдарын қайталап айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | тарихына байланысты рәміздері бар:<br>- Мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба, Әнұран. Бұл халық бірлігінің белгілері. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу әрбір азаматтың міндеті.<br><br>- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көгілдір түсті. Ортасында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Бұл түс ашық аспанның, тыныштықтың белгісін көрсетеді. Тудың ортасында алтын күн баршаға ортақ нұр сәулесін төгеді. Қыран құс ерліктің белгісі. Ою-өрнек біздің халқымыздың тыныштығы мен байлығының белгісі.<br>-Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Жоғарғы жағында жарық жұлдыз, бақыт жұлдызынан нұр шашып тұрғанын белгілейді. Қанатты қос тұлпар қазақтың аңыз ертегісінен алынған. Бидай сабақтары тоқшылықты, молшылықты білдіреді. «Қазақстан» деген сөз еліміздің әлемге танымал екендігін білдіреді.<br>- Біздің елімізде қандай ұлт өкілдері тұрады?<br><br>-Барлық ұлттар тату-тәтті тұрады. – Ал, сендер өз жанұяларыңда қалай тұрасыңдар?<br>Сергіту сәті:<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар,<br>Керегелері керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып<br>Киіз үй болып керілер. | -Астана, Қызылорда, Қарағанды, Шымкент, Алматы т.б.<br><br>Балалардың өз Отандарына деген сүйіспеншілігі:<br><br>«Қазақстан» деген сөз еліміздің әлемге танымал екендігін білдіреді.<br>-Әлемде басқа мемлекеттер мен жерлер бар, бірақ адамда Отан – біреу. Біздің Отанымыз – Қазақстан. Осындай керемет, ұлан-ғайыр жерді сақтап, бізге тастап кеткені үшін ата-бабамызға мың рахмет.<br>-Қазақстан жері қандай ғажап десеңші. Оның табиғаты ғаламат сұлу. Ата-бабамыз бізге кең байтақ жерді мұра етіп қалдырды. Ол Алтайдан Атырауға дейін, Алатау Қаратаудан батыс Сібірге дейін созылып жатыр.<br><br>- Біздің елімізде қазақтар, орыстар, кәрістер, украиндар, немістер, шешендер,татарлар тұрады.<br><br>-Біз тату-тәтті тұрамыз.<br><br>Қимылдар жасап, бойларын сергітеді. |
| **Рефлексивтікоррекциялаушы** | Оқу іс-әрекетін «Күншуақ» ойыны арқылы қорыту.<br>Ойын шарты: Ортада шуақсыз күн тұрады. Күннің әр шуағында сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Күн шуағындағы сұрақтарға жауап беру арқылы күнді күлімдету. Балалардың жауаптарына ризашылық білдіріп, мақтау, мадақтау. | Жауап бере отырып, күнді күлімдетеді. |

**Күтілетін нәтижесі:**
**Қайталай алады:** Қазақстан Республикасының рәміздері туралы
**Түсінеді:** Өлең арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін
**Қоладанады:** Ойын арқылы сұрақтарға жауап беру, берілген тапсырманы меңгеруін .